Сыр – анам, Қаратау – панам!

# Жаңақорған тынысы

1933 жылдың қыркүйегінен шығады / аудандық қоғамдық-саяси газет

№63 (8977) 22 тамыз, сенбі 2026 жыл




## Жаңа оқу жылына дайындық талқыланды

***Сейсенбі күні ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жаңа оқу жылына дайындық мәселесі талқыланды. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова баяндады.***

Баян УСЕЙІНОВА

– Жаңа оқу жылындағы жаңашылдықтар еліміздегі тарихи оқиғалармен сабақтаса өріліп, Конституция талаптары білім берудің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалып ртыр. Бүгінгі таңда еліміз бойынша 12 мыңнан аса мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істейді. Онда 1 млн-нан астам бала тәрбиеленеді. 360 мың бала мектепалды даярлықтан өтеді. 20 қалада және 23 облыс аудандарында ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда. Осының арқасында балабақшаларда бала кезегі қысқарды. Бюджет 35,3 млрд теңгеге үнемделді.

Елімізде 8 мыңнан астам мектепте 4 млн 100 мың оқушы білім алатын болады. Биыл 380 мың бала 1 сыныпқа қабылданды. 230 мың оқушы мектепті тәмамдады.

Оқу-ағартқ министрлігі білім беру жүйелерінің барлық деңгейлеріне жаңа Конституцияның қағидаларын кезең-кезеңімен енгізу бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта білім берудің жалпыға міндетті стандарттары, үлгілі оқу жоспарлары және оқу бағдарламалары жаңа Конституция нормаларына сәйкес қайта қарастырылды, - деген ол білім беру мазмұнына енген жаңа өзгерістермен таныстырды. Мәселен, 5-7 сынып оқушылары үшін Конституция негіздерін оқыту, 8-11 сыныпқа заң және тәртіпті міндетті оқу курсы енгізіліп отыр екен.

Министрдің айтуынша, бастауыш сыныптарда бағалау тәсілдері жаңартылды. Атап айтқанда, бастауыш сыныптар үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) алынып тасталды. Күнделікті бағалаудың ролі күшейтілді. Диктант, мазмұндама, шығарма, ауызша және практикалық жұмыстар секілді бағалау әдістерін мұғалім өзі таңдап бақылау жұмысын ала алады.

Жоғары оқу орындарының дайындығы туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндады.

– Биыл мектептерде790 мыңнан аса оқушы білім алады. Гранттар саны былтырғы деңгейде сақталады. Мемлекеттік гранттардан бөлек әкімдіктер, жоғары оқу орындары, әртүрлі қорлар және ректорлар есебінен шамамен 5 мың қосымша грант қарастырылып жатыр» деді министр.

Жиында білім беру нысандарының санитарлық-эпидемиологиялық дайындығы туралы денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады. Ол жеткіншектердің денсаулығын ерте жастан бақылауда жаңа технологиялар енгізіліп жатқанына, цифрлық диагностикалық жабдықтар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану барысына тоқталды. Жиында білім беру нысандарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ішкі істер министрі Ержан Саденов, мектептердің интернетпен қамтылуы мен цифрландырылуы туралы жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин баяндады.

Үкімет басшысы балалар мен жастардың құқықтық, сондай-ақ экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілік пен заңды құрметтеуге ерекше мән беру қажеттігін айтты. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелерде тиісті ведомоство басшыларына тапсырма берді.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігі мәжілісінде цифрландыру бағытында өңірімізде атқарылған жұмыстар сарапқа салынды.

«Мемлекеттік қызметтерді электронды алу үшін жергілікті атқарушы органдарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылған. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар халыққа көрсететілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін тұрақты бақылауда ұстау керек, – деді облыс әкімі Мұрат Нәлхожаұлы.

# ЕГІНДІ ЫСЫРАПСЫЗ ЖИНАУ – ЫҚЫЛАСТЫҢ ІСІ

***Егін орағы – дала еңбегінің нәтижесін саралайтын, шаруаның маңдай тері мен алажаздай бейнетінің қайтарымын айқындайтын жауапты кезең. Ендігі міндет – еккен өнімді ысырапсыз жинап алып, ел игілігіне жарату. Биылғы егін жинау науқаны ерекше қарқынмен басталды. Республика көлемінде жиын-терім жұмыстары өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық жылдам жүріп, диқандардың даладағы еңбегі қыза түсті. Тамыздың бел ортасында басталған егін орағында қазірдің өзінде 2,6 млн гектар дәнді дақыл жиналып, әр гектардан орта есеппен 14,6 центнер өнім алынуда. Бұл көрсеткіш агросаладағы мемлекеттік қолдаудың күшейіп, техниканың жаңаруы, сапалы тұқым мен тыңайтқыш қолдану, заманауи агротехнологияларды енгізу жұмыстарының нақты нәтижесін көрсетеді. Ендігі міндет – мол өнімді ысырапсыз жинап, уақытылы сақтау және ел игілігіне жарату.***



Биылғы жыл егін шаруашылығы үшін жыл оңай болған жоқ. Вегетациялық кезеңдегі су тапшылығы, ауа райының құбылмалылығы шаруалардың иығына едәуір салмақ салды. Соған қарамастан Мемлекет басшысы мен Үкімет тарапынан көрсетілген қолдаудың, жергілікті атқарушы органдардың үйлесімді жұмысының арқасында егістікке қажетті су жеткізіліп, егінді күтіп-баптау жұмыстары жалғасқаны белгілі. Осы мақсатта облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте күзгі жиын-терім науқанына дайындық барысын талқылады. Жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді. Аймақ басшысы егін жинау жұмыстарын сапалы ұйымдастырумен қатар, ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыруды одан әрі күшейтудің маңыздылығына тоқталды.

– Биыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген болатын. Оның 89,7 мың гектары дәнді дақылдар, 6,1 мың гектары майлы дақылдар, 73,2 мың гектары мал азықтық дақылдар. Картоп, көкөніс, бақша дақылдарының жалпы көлемі 16,8 мың гектар. Егін көлемін әртараптандыру талабына сәйкес негізгі дақыл – күріштің көлемі 10,9 мың гектарға қысқарып, 70 мың гектарға егілді. Қазіргі уақытта егілген күріштің 59,9 мың гектары үстеп қоректендіріліп, 62,3 мың гектары арамшөптерге қарсы химиялық өңдеуден өтті. Сонымен қатар, 70 мың гектар күріштің 15 мың гектарының суы байланды. Жоспарланған дәндік жүгерінің 10 557 гектары егіліп болып, күтіп- бапталуда. Күздік және жаздық бидай, сұлы жинау толық аяқталып, өнім алынуда. Ал көкөніс, бақша және басқа да дақылдарды жинау бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Осы ретте, техникалық қауіпсіздікті басты назарға ала отырып, күзгі егін жинау науқанына дайындық жұмыстарын тұрақты бақылауға алыңыздар, - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Иә, биылғы егін науқанының ерекшелігі – су мәселесінің жіті бақылауда болуы. Сырдария өзеніндегі жағдай да тұрақты назарда. Қазіргі уақытта Шардара су қоймасына жоғарыдан секундына 112,7 текше метр су түсуде. Қоймадағы су көлемі 2,1 млрд текше метрді құрайды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 млрд 907 млн текше метрге артық. Сырдарияның төменгі ағысына секундына 450 текше метр су жіберілуде. Ал Көксарай су реттегішінде жинақталған су көлемі 22,78 млн текше метрге жеткен.

Әсел РЗАЕВА

3 бет

# ЕЛДІ ЕРЛЕР КӨРКЕЙТЕДІ



**Өскенбайдың бала жастан арманы – тынымсыз ізденістерімен адамдарға комфортты өмір сыйлаған ғалымдар мен өнертапқыштардың қиялынан туған ғажайып жаңалықтарын шынайы түрде іске асырсам деген тілек еді. Ол үшін физика мен математиканың, кибернетиканың сырын терең біліп, энергетика мен атомарлы қосылыстардың шынайы нәтижесіне қол жеткізе білуі керек.**

Баян АЛАУДИНҚЫЗЫ

Ауылдағы №208 орта мектебін бітірер жылы туған мекеннің маңайынан күкірт қышқылы зауытының құрылысы салынып бітіп, іске кірісе бастаған кез еді. Жанұяның үлкені осы өндіріс орнында жұмыс істеп, үйден кіріп-шықса өзінен кейінгі бауырларына бас-көз болуына да тиімді боларын көңілге түйіп қойды. Өзі тұңғыш перзент қараорынға еге, іні-қарындасқа етене пейілде өсіп-жетілетіні рас та, қайда жүрсе де артына қарайлап тұратын дағды бала кезден қалыптасты. Әкесі Қыдырәлі мектепте технологиядан сабақ беретін. Ол да ұлының таңдауын құп көрді. Ендігі мақсат – техникалық жоғары білім алу қажет.

Жаңадан жұмысына кіріскен іргелі мекемеге бас сұғып, тыныс-тіршілігімен танысып көрсе қайтеді? Жас ұлан осы оймен елді мекеннің іргесінде бой көтерген құрылысты бетке алды. Баурайында жатқан елдің жай-жағдайына жетік болу өз алдына, олардың тыныс-тіршілігіне тірек блуды о баста мақсат тұтқан мекеме басшылығы өндіріске қажетті зауытқа мамандарды осы жергілікті мекен жастарынан іріктеу мәселесін ә дегеннен қолға алыпты. Басшылықтың ұйғарымымен ауыл жастарына кәсіпті үйрету жолға қойылды. Мұның тиімділігі де өте зор. Әрі десе ауылдық жерде жұмыссыздықты азайтудың парасатты тәсілі де ғой.

Міне, осындай бастаманың нәтижесінде 2012 жылы орта мектепті тәмамдаған Өскенбай Қыдырәліұлы күкірт қышқылы зауыты басшылығының арнайы жолдамасына ие болды. Яғни жолдама иесіне мемлекеттік грантқа өтініш беріп, конкурста іріктелудің қажеті жоқ. Ол тікелей мекеменің қаржылай қолдауына ие болады деген сөз. Зауытта елді мекен тұрғындарын арнайы мамандыққа баулитын басқа да бағдарламалар қолға алынды.

Сонымен, арнайы жолдамамен Шымкент мемлекеттік университетінің жылу-энергетика мамандығына оқуға түскен ауыл түлегі бірінші семестерді жақсы бағаға бітіргені туралы құжатын тапсырған соң басшылық студенттің шәкіртақысы мен жатақхана төлемін де өз мойындарына алды. Сөйтіп толықтай мекеме қамқорлығын иемденген жас маман оқуды бітірген соң осы өндіріс орнына жұмысқа келіпті. Бұл туралы өзі былай дейді

**– Жүрек қалауым бойынша таңдаған мамндығымды өте жақсы бағағ тәмамдадым. Еңбек жолымды 2016 жылы ауылдағы "СКЗ-U" мекемесінде бастадым. Қазір еңбек етіп келе жатқаныма он жыл өте шығыпты.**

**Біздің міндетіміз – электр энергиясын өндіру. Өндіріс орнына қажетті энергияны беріп, қалғанын қажеттілігіне қарай сыртқа сатуға да мүмкіндік бар. Әләзір өз өндірісімізге қажетті көлемді ғана өндіріп отырмыз.**

**Бір ауысымда үш қызметкерміз: топ басшысы, машинист-оператор, турбина аралаушы, әр ауысымда төрт кісі жұмыс істейді. Екі вахталық ауысым бар. Ынтымақты тірлігімізбен бір-бірімізге тірек бола білу – абыройға жеткізетін асыл қағида екенін еш есімізден шығарған емеспіз, – дейді Өскенбай.**

Өзінен кейінгі екі бауыры да математика пәнінің мұғалімі мамандығын таңдапты. Әсілінде ер азаматтардың ұстаздықты таңдайтыны сүйсінерлік құбылыс. Ал қарындасы медицина саласына ден қойыпты.

«Мамандықтар жылына» байланысты өткенде телеарнаға сұхбат берген Өскенбай өзінің бұл салаға не себепті жақын екенін әңгімелеп беріпті. Кім болсын жүрек қалауымен таңдаған кәсібінің көкжиегіне жетері анық. Нағыз іс адамдарының ортасында жүріп тәжірибе жинақтап, ысыла түскен жастың қызмет дәрежесінің сатылап өсе түскеніне тілеулестері де оң ниетте. Жігерлі жасқа әрбір қадамың оң болсын деген тілегімізді біз де жеткізгіміз келеді.



# КӘСІПТІК БІЛІМ: МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

***Жаңақорған ауданында техникалық мамандықтарға сұраныс өте жоғары. Өйткені, ауданда өндіріс орындары мен шағын зауыттар жұмыс істейді. Иинвесторлар көптеп келуде. Сондықтан, мектеп бітіруші түлектер осы салаға бейім келеді. Себебі қысқа мерзімде мамандық иесі атанасың. Бұл жағдайда жастарға мол мүмкіндік беріп келе жатқан Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі жаңа оқу жылына қаншалықты дайын? Жаңа Конституциямызда айтылған кәсіптік білімнің талабына лайықты ма? Бүгінгі күннің басты сұрақтарын колледж директоры Ерғали Орманұлына бағыттаған едік.***

Мақпал МАРҚАБАЙ

4 бет

# ТӘРТІП – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК – ӨМІРІҢНІҢ ҚАС ЖАУЫ



***Қоғамның ең үлкен байлығы – бала. Оның тәрбиесі мен қауіпсіздігіне жасалған әрбір жағдай – елдің ертеңіне салынған инвестиция. Алайда соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық мәселесі қоғамды алаңдатып отырғаны жасырын емес. Жасөспірімнің қылмысқа баруы – бір күнде пайда болатын құбылыс емес. Оның ар жағында отбасы тәрбиесі, қоршаған орта, достық қарым-қатынас, әлеуметтік желі, бос уақытты тиімді пайдалану, психологиялық ахуал және құқықтық сауат секілді бірнеше фактор тұрады.***

Мамандардың пікірінше, XXI ғасырдың «альфа ұрпақтары» қылмыстық әрекетке кейде өзін өзгелерге таныту, бедел жинау немесе есесін қайтару мақсатында баруы мүмкін. Ал жасаған әрекеті үшін тиісті жауапкершілікке тартылмаудан бала бойында «заңды бұзсам да, ештеңе болмайды» деген жаңсақ түсінік қалыптасады. Сондықтан жасөспірімдер қылмысымен күресте тек жазалау шараларына сүйену жеткіліксіз. Ең алдымен баланы құқық бұзушылыққа не итермелегенін анықтау маңызды.

Жасөспірімдік кезең – адамның мінезі мен дүниетанымы қалыптасатын күрделі уақыт. Бұл шақта бала біреуге еліктеуге, өзін дәлелдеуге, қатарластарының пікіріне тәуелді болуға бейім келеді. Сондықтан оның жанында дұрыс бағыт көрсететін отбасы, ұстаз, тәлімгер және жақсы орта болуы аса маңызды.

Әсіресе әлеуметтік желінің ықпалын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бүгінде бала ақпаратты үлкендерден бұрын қабылдайды. Бірақ оның барлығын талдап, жақсы мен жаманды ажырата алатын «психологиялық сүзгісі» әлі толық қалыптаспауы мүмкін.

Кейбір фильмдер мен интернеттегі бейнематериалдарда қылмыстық орта, күш көрсету, қатыгездік, заңсыздық немесе агрессия қалыпты нәрсе ретінде көрсетіледі. Мұндай көріністерді қайта-қайта тамашалау жасөспірімнің санасында қылмысқа деген қорқынышты әлсіретуі ықтимал.

Сондықтан баланың телефонды қанша уақыт пайдаланып, онда қандай ақпарат көріп жүргенін де білу қажет.

Бұл мәселе қоғамның тұрақты назарында болуы тиіс. Аудандық полиция бөлімі, білім беру ұйымдары және жастармен жұмыс істейтін құрылымдар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында бірлескен жұмыстар жүргізіп келеді.

Бұл – құқық бұзушылықтың алдын алудың бір ғана бағыты. Өйткені баланың түнгі уақытта көшеде жүруі кейде оның жай ғана тәртіп бұзуы емес, отбасындағы белгілі бір мәселенің белгісі болуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда тек ата-ананы жауапқа тарту аз, кезбегерліктің себебін анықтау да маңызды.

Жаңақорған ауданында мұндай жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша аудан аумағында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында және тұрғын үйден тыс жерде заңды өкілінсіз жүруіне байланысты 270 жасөспірімнің заңды өкілі әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сол кезеңде 200-ге жуық рейдтік іс-шара өткізілген.

Жаңақорған ауданында бұған байланысты түнгі рейдтер тұрақты өткізіліп келеді. Бұған дейінгі профилактикалық шараларда кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүруі, белгіленген уақыттан кейін ойын-сауық орындарында отыруы, топтасып төбелесу, ата-анасымен жанжалдасып үйінен кетіп қалуы және ата-анасының қатысуынсыз көлік құралын басқаруы секілді жағдайлар жиі кездесетіні айтылған.

Мұндай фактілердің әрқайсысына жеке қарау қажет. Себебі бір баланың түнде көшеде жүруіне қызығушылық себеп болса, екіншісін үйдегі түсініспеушілік сыртқа итермелеуі мүмкін.

Сондықтан полицияның, мектептің және ата-ананың жұмысы тек бақылаумен шектелмеуі керек. Балаға «қайда бардың?» деген сұрақпен қатар «неге барғың келді?», «саған не ұнамай жүр?», «қандай қиындық бар?» деген сауалдарды да қою маңызды.

Жасөспірімге өзінің әрекетінің салдарын түсіндіру керек. «Бұл заңға қайшы» деген сөздің өзі кейде бала үшін жеткіліксіз. Ол өзінің бейсар әрекетінің басқа адамның өміріне, денсаулығына, отбасына немесе болашағына қалай әсер ететінін түсінуі тиіс.

**Мақпал МАРҚАБАЙ**

# БІЗ КІМБІЗ, НЕ НӘРСЕГЕ ЖАУАПТЫМЫЗ?

***«Адамның көркі – әдеп» демей ме халық даналығында. Алайда, көшеде, қоғамдық көлікте немесе халық көп жиналған орындарда осы бір қарапайым қағиданың ұмыт қалып жататынын жиі байқаймыз. Көпшілік орында орын алатын кішігірім келіспеушіліктер неге үлкен жанжалға айналады? Үлкені мен кішісі да қалыс қалмайтын бұл қоғамда біз кімбіз және не нәрсеге жауаптымыз?***

Күнделікті өмірде кішігірім оқиғалардың соңы кейде сөзге келуге, тіпті үлкен қақтығысқа ұласып жатады. Сабырдың жоқтығы, «Алдыңғы ашуды кейінгі ақыл жеңеді» дегенді ұмытып, бір сәт тоқтаудың орнына дерекілік таныту ішкі мәдениеттің төмендігін көрсетеді. Тәртіп пен тыныштықты қорғау тек құқық қорғау органдарының міндеті емес әрбір тұрғын өзін қоғамның ажырамас бөлігі сезінбейінше көшедегі тәртіп қалыптаспайды.

Ұрыс-жанжалдың себептері сан алуан. Жол жүру ережесін сақтамау, көшеде ішімдік ішіп жұрттың берекесін қашыру, қоғамдық көлікте орынға таласу сынды келеңсіздікке жиі кез боламыз. Сондай-ақ тұтынушы өзге тілді талап еткені үшін сабырсыздық таныту да кісілік емес.

Желіде жүктелген автобуста орынға таласқан егде жастағы әйел мен жас қыздың арасындағы ұрыс жанжалдың соңы төбелеспен аяқталған. Сауда үйлеріндегі жанжал тауардың бағасына келіспеушіліктен, пәтер алдындағы жанжал кішкентай балалардың ойнап жүріп байқаусызда жығылып қалуынан туындағанын көріп жағамызды ұстадық.

Ресми статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде қоғамдық орындарда жасалатын әртүрлі құқықбұзушылықтар мен ұсақ бұзақылықтар саны белгілі бір дәрежеде азайғанымен, бұл мәселе әлі де өзекті. Мысалы, бір жылдың өзінде қоғамдық орындарда 24 мыңнан астам дерек тіркеліп отыр. Бұл – көшеде, көлікте немесе дүкенде орын алған әрбір ұсақ жанжал мен төбелестің артында заң алдындағы жауапкершілік тұрғанын көрсетеді. Бас прокуратура өкілінің мәліметінше, 2026 жылдың жеті айында дербес деректерді қорғау саласында 90 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінде тіркелген деректен 47,7%-ға аз.

Қоғамдық орындағы мәдениет – бұл біздің ішкі тәрбиеміздің, сана-сезіміміздің көрсеткіші. Көшедегі немесе автобустағы әрбір әдепті қадам, адамдардың бір-біріне жылы ұшырамы пен кешірім сұрай білу қабілеті қаламыздың, ауданымыздың, еліміздің атмосферасын жақсартады.

Ұмытпайық, біз – біртұтас қоғамбыз. Ал бұл қоғамның тыныштығы мен берекесі әрқайсымыздың жеке жауапкершілігімізге тікелей байланысты. Өзімізден бастайық!

**Нұрайым ТӨЛЕПБЕРГЕН**

# ҚАҒАЗСЫЗ АҚША ҚОҒАМ ҮШІН ҚАЛЫПТЫ МА?

***Таңертең үйден шыққанда қалтамыздағы әмиянның қалыңдығы сиреп, барынша жеңілдеп қалғанын аңғармай да қаламыз. Дүкеннен нан сатып алсақ та, автобусқа мініп жолақы төлесек те смартфондағы экранға қарап сылдыр еткізе сап өте шығамыз. Бүгінде қолма-қол ақшасыз өмір сүру қалыпты жағдайға айналды. Тіпті ұсақ-түйек тиын ақшалардың өзі күнделікті айналымнан шыға бастады. Осы қарқынмен кетсек, "қағаз ақша" деген ұғым мүлде жойылып кете ме? Қағаз ақшасыз қалған қоғам үшін бұл шынымен де прогресс пе, әлде көрінбейтін қатер ме?***



Нейроэкономика зерттеулері көрсеткендей, адам физикалық түрде қалтасындағы әмиянынан қағаз купюраны шығарып санап бергенде мидың ауырсынуға жауап беретін аймақтары, атап айтқанда, инсула немесе аралшық бөлігі белсенді бола түседі. Бұл – саналы түрде «шығынға батуды» сезіну процесі. Ал смартфонды терминалға тигізу немесе бір түймені басып аударым жасау миға ауырсыну сигналын бермейді. Салдарынан біз ақшаның кеткенін нақты сезінбей, ойланбастан сауда жасаймыз, осылайша импульсивті шығындар артады. Ақшаның миға қаншалықты әсер ететінін біршама білдік, ал енді қауіпсіздік және әлеуметтік жағдайы қалай?

Интернет өшіп қалса немесе банк серверінен қателік кетсе және түрлі сайттар арқылы сіздің банк шотыңызға шабуыл жасайтын кибершабуылшылар болса, халық не істемек? Мұндай жағдайда қағаз ақша ең сенімді құрал. Сол арқылы өз қажеттіліктеріне қол жеткізіп, шоттарын бұғаттай алады. Ал егде кісілер мен цифрлық жүйені толық меңгермен адамдар қағаз ақшаны әлеуметтік ортада жиі пайдаланады. Яғни бұл дегеніміз қағаз купюраны қолданатын иелер мүлде жойылған жоқ.

Қағаз ақша көбінесе сыбайлас жемқорлықтың құралы ретінде қолданылады. Атап айтқанда, қандайда бір ортада алыс-берісте ақша жүреді. Кей тұста салықтан жалтарудың және заңсыз айналымның құралы болып келеді. Цифрлық ақша смартфонға келіп түскен әр кірісті есебін ашық көрсетеді.

Статистика не дейді? 2025 жылғы қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысы бойынша, қолма-қол ақшасыз карточкалық төлемдердің көлемі 135,2 трлн теңгеге жеткен. Бұл көрсеткіш жылдық динамиканың 15,5%-ға артқанын көрсетеді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында қазақстандықтар банкоматтар арқылы 12,56 трлн теңге қолма-қол ақша шешкен. Бұл – соңғы он жылдағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі, яғни қолма-қол ақшаға деген сұраныс нақты мәнде 12,5%-ға қысқарды. Қазақстан Ұлттық банкі цифрлық теңгені енгізу арқылы қаржылық операциялардың ашықтығын қамтамасыз етуді және бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуын қадағалауды көздеп отыр. Қаржыгер-сарапшы Саида Тілеуленова цифрлық валюта мен қолма-қол ақшаның қатар өмір сүруі туралы былай дейді: «Цифрлық теңге – бұл қолма-қол және қолма-қолсыз ақшамен қатар ұлттық валютаның үшінші нысаны. Азаматтар үшін бұл жаңа ақша бірлігі емес, ұлттық валютаны сақтаудың және пайдаланудың қосымша тәсілі. Ұзақ мерзімді перспективада бұл есеп айырысуды жеделдетіп, көлеңкелі экономиканы қысқартуға мүмкіндік береді, бірақ ол физикалық ақшаны бірден ығыстырып шығармайды» Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының (ҚҚҚ) сарапшылары елдегі цифрлық төлемдердің өсімі мен қолма-қол ақшаның айналымына қатысты мынадай байқаулар жасайды: «Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі жыл сайын артып келе жатқанымен, халықтың әлеуметтік осал топтарын, шалғай өңірлер мен егде жастағы азаматтарды ескере отырып, әрқашан балама төлем әдістері қатар жүруі тиіс. Төлем жүйелері туралы заң талаптарына сай азаматтардың қолма-қол немесе цифрлық түрде төлеу еркіндігі толық сақталуы қажет» делінген.

Қорыта айтқанда, "қағаз ақша қоғам үшін қалыпты ма?" деген сауалға бір сөзбен "иә" немесе "жоқ" деп кесіп айту мүмкін емес. Цифрлану мен мобильді төлемдер – бұл уақыт пен ақпаратты үнемдейтін заман талабы, экономиканы ашық әрі таза ұстаудың басты құралы. Алайда, алға жылжу қаншалықты қарқынды болса да, физикалық купюралардың маңызы жойылған жоқ.

Қағаз ақша – бұл тек қана төлем құралы емес, бұл кез келген дағдарыс пен төтенше жағдайдағы сенімділік пен қауіпсіздік кепілі. Болашақ толықтай қолма-қол ақшасыз немесе тек қағаз күйінде қалатын әлем емес, бұл екі жүйе де қатар өмір сүретін қос модель. Сондықтан әмиян мен смартфон қатар жүргенде ғана қоғамның қаржылық тепе-теңдігі сақталмақ.

**Нұрайым ТӨЛЕПБЕРГЕН**

***«Құрметті редакция! Соңғы кездері әлеуметтік желіден «ақша табудың құпиясын үйретеміз», «қарыздан құтылудың жолын көрсетеміз» деген жарнамаларды жиі көремін. Бір күні сондай тренингтердің біріне қатысып, біраз қаражатымды жұмсадым. Бірақ күткен нәтижені көре алмадым. Сонда менің көкейімде бір сұрақ пайда болды: адамдарға шынымен білім беріп жүр ме, әлде олардың үмітін пайдаланып ақша тауып жүр ме?»***

# ТАҒДЫРДЫ ТРЕНЕР ӨЗГЕРТЕ МЕ?



Редакциямызға осындай мазмұндағы хат жолдаған оқырманның сауалы ойландырмай қоймады. Шынында да, бүгінде әлеуметтік желіде «бір сабақ – жаңа өмір», «бір тренинг – мол табыс», «ойыңды өзгертсең – тағдырың өзгереді» деген мазмұндағы ұсыныстар көбейіп келеді. Бірі байлықтың, бірі бақыттың, енді бірі табыстың «құпия формуласын» ұсынады. Ендеше, бұл жерде шынайы білім мен құр мотивацияның ара-жігін қалай ажыратамыз? Тренингке төлеген теңге өмірімізді өзгерте ме, әлде өзгерісті бәрібір өзіміз жасауымыз керек пе? Расымен де, ұялы телефонды ашсаңыз, «бір күнде өміріңізді өзгертеміз», «қарыздан құтылудың құпиясын үйретеміз», «ақша тартудың формуласын көрсетеміз» деген жарнамалардан көз сүрінеді. Бірі – байлықтың, бірі – бақыттың, енді бірі – табыстың «құпия кілтін» ұсынады. Бағасы да әртүрлі: бірнеше мың теңгеден басталып, жүздеген мың, тіпті миллион теңгеге дейін жетеді. Тығырыққа тірелген адамға мұндай ұсыныс үміт сәулесіндей көрінуі мүмкін. Бірақ ойланатын бір сауал бар: адамның тағдырын шынымен бір күндік тренинг өзгерте ме, әлде өзгеретін жалғыз нәрсе – сол тренингке жұмсалған ақшаның мөлшері ме?

«Өміріңізден шаршадыңыз ба? Ақша жетпей жүр ме? Қарыздан құтылғыңыз келе ме? Жеке өміріңізде жолыңыз болмай жүр ме? Онда сізге небәрі бірнеше сағатта өміріңізді түбегейлі өзгертіп жіберетін ерекше мүмкіндік ұсынамыз! Бүгін тіркеліңіз! Орын саны шектеулі!» Әлеуметтік желіні ашсаңыз, осындай жарнамалардан көз сүрінеді. Бірі байлықтың құпиясын үйретеді. Екіншісі бақытқа жетудің формуласын ұсынады. Үшіншісі ақша тартудың ерекше техникасын меңгертеді. Тағы бірі «ойлау жүйеңді өзгертсең, өмірің де өзгереді» деп сендіреді. Құдды, болашақты көріп беретін бақсы-балгерлер секілді. Кейде, құдды бір көше бойында отырып, «жолыңды ашып беремін, жоғыңды тауып беремін» дейтін балгерлер елестейді маған. Әрине, барлығына бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Тренерлердің ішінде де нағыз өз ісінің маманы, білімді де білікті мамандар баршылық. Ол қарапайым халыққа қажет-ақ. Тек, арзан жолмен пайда тапқысы келетін, кейбір пысықайлардың әрекетін айтқым келеді. Жақсылықтың болғаны дұрыс қой. Тек екі күннің бірінде семинар мен тренингтер өткізетін коуч-тренерлер мен психологтардың таңды-таңға жалғап айтатын ақылынан құлағымыз сарылды. Осы мақаланы жазу барысында әлеуметтік желіні ақтарып, мықты деген тренерлердің сабағына көз жүгіртуді жөн көрдім. Бәлкім, менің де өмірім өзгеріп, аяқ астынан байып кетермін. Шынымды айтсам, біршамасының парақшасына кіріп, сабақтарын тыңдадым. Айналып келгенде барлығының айтары біреу ғана. Бастысы, сабағына қатыссаңыз адам танымастай өзгеріп, ойлау жүйеңіз ерекше қарқынмен жұмыс жасап, қалтаңыз ақшаға толып шыға келесіз. Ресейдің статистикалық деректеріне сүйенсек, мұндай семинарларға қалталы кәсіпкерлер емес, жұмыссыздар мен студенттер ғана қатысады екен. Яғни, өмірде жолы болмай, бас қатырып жүрген жан жылы сөзге еріп, қалтасындағы соңғы тиынын санап беретіні сөзсіз. Міне, «аңқау елге арамза молда» деген осы болар...

Жақында американдық Брайан Трейси есімді қария Алматыда семинар өткізді. Жұрттың барлығы жапа-тармағай билет сатып алып, соңында орын таппай аһ ұрғандар да болды. Билет құны қанша деп ойлайсыз? Білмесеңіз, айтайық. Ең арзан билет – 100 мың теңге болса, ең қымбат билеттер – 1 миллион 400 мың теңгеден сатылды. Меніңше, ол семинардан адам байымайды, семинар өткізген адам байып шығатын секілді. Дегенмен, осыншама ақша төлеп қатысқан сабақтың маңыздылығы қаншалықты деген сұрақ маған маза бермеді. Содан әлеуметтік желіні ақтарып, «you tobe» парақшаларынан қарап көрдім. Атағы жер жарып, жарнамасы менмұндалап тұрғанымен асып бара жатқан ештеңесі де жоқ. Тек, бизнеске қатысты афоризмдер мен сөз шешендігін ғана байқадым. Ал, нақты жүйелі жұмыс жүргізудің жолдарын немесе белгілі бір технологияны айтпайды. Кәдімгі жұрттың барлығы айтып жүрген білім алыңыз, ерінбеңіз, алдыңызға мақсат қойыңыз дегендей сөздермен ғана шектеледі. Ақиқатын айтқанда, мұндай сөздер жауыр болды.

Әй, Брайан Трейси оны өзіміз де білеміз ғой. Бізге ақыл емес, адал еңбекпен ақша табу керек. Одан бөлек қаншамасы келіп-кетіп жатыр. Сірә да, саусақпен санамалап шыға алмаспыз. Бұндай өмірді өзгертіп, бизнеспен айналысуға шақыратын тренерлер алғаш АҚШ елінде бастау алған екен. Үлкен-үлкен компания басшылары бизнес жүргізудің қыр-сырын жалпақ жұртқа таныстырып, өз құпиялрымен бөлісе бастаған. Содан ел арасында бизнес-тренерлердің абыройы артып, көпшіліктің сұранысына ие бола бастаған. Кейіннен әлем елдеріне кеңінен тарап, жылдан-жылға тренингке қатысушылар саны күрт өскен. Өздеріңіз де білесіздер 1990 жылдары жер жүзі алмағайып кезеңді басынан өткеріп, ел арасында жұмыссыздар саны артқан уақытта ТМД елінде Дейл Карнегидің кітаптары жаппай сатылып, үлкен сұранысқа ие бола бастаған. Себебі, ол маркетинг саласын жақсы меңгерген, көпшілікті өзіне қарата алатын сөзге шешен жан болған. Алайда оны манипуляция шебері деп атап кетіпті. Тіпті, бейресми деректерде оның өзін-өзі өлтіргені жиі айтылады. Бұндай мысалдарды айта берсек өте көп.

Жә, өзге елдерде неміз бар. Өз еліміздегі жағдайға тоқталайықшы. Бұндай тренингтер мен тренерлердің бізге келгеніне көп бола қойған жоқ. Небәрі, 3-4 жылда ел арасында «мотивация», «визуализация», «гив», «тренинг» деген сөздерді жиі естіп қалатын болдық. Сайып келгенде шешендік сыры атышулы тренерлердің барлығы да атақты ғұламалардың кітабынан оқыған – түйгендерін жанды бейнеде, қарапайым халыққа түсінікті әрі қызықты етіп жеткізе білуінде. Қарап отырып еріксіз күлкің келеді. Тұрмысқа шықпаған қыз «Қалай күйеуге шығудың жолдарын үйретемін» десе, баласы жоқ әйел «Балалы болудың техникасын меңгертемін» десе, күйеуімен ажырасып кеткен келіншек «Бақытты болғыңыз келсе мен сізді күтемін» тәрізді «ертегілермен» ерінбей сабақ өткізіп отыр.

Ал, белгілі бір сандарды жазу арқылы байлық шақырып, қызыл әмиянды алып қыруар ақшаға кенеліп, үйдің әр бұрышына майшам жағып, жамандықты аластат, тоңазытқышты батысқа қаратып азық-түлікке кенелең деп ақыл берген кейбір тренер сымақтардың әрекетін қалай түсінуге болады? Егер несиеге батып, кім көрінгенге қарыз болсаңыз, тренерлер сізге ақша беріп, мәселеңізді шешіп береді деп ойласаңыз, қателесіз. Олар сізге ақыл айтады, атақты адамның өмірлерінен мысал келтіреді, жанды жібітетін әдемі сөздер айтады. Бірақ, сіздің мәселеңізді шешіп бере алмайды. Он екі мүшеңіз сау, ақыл-есіңіз бүтін, сауатыңыз жетеді. Солай емес пе? Олай болса, өзіңізге қажетті деген кітап беттерін ақтарып ой түю, алға жоспар жұру қабілеті сізде де бар. Ақы төлеп өзгені тыңдамай, өз түйсігіңізді тыңдасаңыз барлық сұраққа жауап табарыңыз сөзсіз.

**Әсел КЕҢЕСҚЫЗЫ**

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# ЕГІНДІ ЫСЫРАПСЫЗ ЖИНАУ – ЫҚЫЛАСТЫҢ ІСІ

Облыстағы егін шаруашылығының ауқымды бөлігін құрайтын ауданның бірі – Жаңақорған. Аудан диқандары үшін де биылғы маусым жауапкершілігі жоғары кезең болды. Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің бас маманы Салыбай Мұхитдинмен тілдесіп, нақты жауап алдық.

– Ауданда ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысатын 781 шаруашылық құрылымының 460-ы егін шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде 192 шаруашылық күріш өсіріп отыр. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша 7 млрд 427,4 млн. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 105,5 пайызға орындалып отыр.

Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2026 жылдың қаңтар-маусымында 4 млрд. 816 млн. теңгені құрап отыр. Одан бөлек тамақ өнімдерінің негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша 445,2 млн. теңгеге жетті.

Ауданда биылғы жылы 36 077 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде күріш дақылы 6 756 гектар. Күріш 6 756 га, күздік бидай 3 200 га, жаздық бидай 54 га, тары 126 га; дәндік жүгері 1 700 га, мақсары 2 060 га, күнбағыс 20 га, мақта 100 га, жаңа жоңышқа 5 619 га, ескі жоңышқа 14 027 га, сүрлемдік жүгері 80 га, картоп 212 га, көкөніс 432 га, бақша 1 691 га. Егісті әртараптандыру мақсатында күріш көлемі 2025 жылмен салыстырғанда 600 гектарға азайтылды. Күріш егілетін алқаптардың барлығы соңғы үлгідегі технологияларды пайдалана отырып лазерлі тегістеуден өткізілген. Жалпы көктемгі дала жұмыстарына 358 ауыл шаруашылығы техникалары қатыстырылды. 212 трактор, 38 соқа, 28 дән сепкіш, 21 жүк көлігі және 59 трактор тіркемесі. Су үнемдеуге қолайлы және тиімділігі жоғары дәндік жүгері алқабының көлемі 2025 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге ұлғайды (2025 жылы 1200 гектар). Биыл бұл дақыл жоспарланған 1 700 гектар көлемге толық егілді (385 гектары тамшылатып суару әдісі арқылы). Биылғы жылы 2 370 гектар (өткен жылы 2000 га) жерге су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде тамшылатып суару әдісі арқылы - 490 га, пленка асты әдісі арқылы – 1 880 га күтімге алынды. Бүгінгі күні су үнемдеу технологияларын пайдалану бойынша 385 гектар жерге тамшылатып суару әдісін қолданысқа енгізу жұмыстары ұйымдастырылуда, – дейді Мұхитдин Төлегенұлы.

Еліміз бойынша егін жинау науқаны қыза түсті. Республика бойынша жалпы егіннің шамамен 60-70 пайызы жиналған. Оңтүстік өңірлерде жиын-терім жұмыстары аяқталуға жақын. Ал солтүстік облыстарда ауа райының жаңбырлы болуы мен күннің күрт суытуы егінді мерзімінде жинау және астық сапасын сақтау мәселесін дүрделендіре түсуде. Осыған байланысты Үкімет деңгейінде де егін орағының барысы тұрақты



қаралуда. Атап айтқанда, астықты жинау, тасымалдау, кептіру және сақтау жұмыстарының біріздiлігіне ерекше мән берілуде. Егіннің уақытында жиналуы – өнім көлемі үшін ғана емес, оның сапасы үшін де маңызды. Әсіресе ылғалдылығы жоғары астықты уақытында кептіру, қоймаларға дұрыс орналастыру және сақтау кезінде қажетті технологиялық талаптарды орындау – шаруаның жыл бойғы еңбегінің нәтижесін сақтап қалудың басты шарттарының бірі.

Егін жинау – бір күндік жұмыс емес. Оның артында көктемгі жер дайындау, тұқым себу, суару, тыңайту, арамшөптермен күресу, зиянкестерден қорғау, техниканы жөндеу сияқты сан түрлі еңбек жатыр.

Бір ғана күріш алқабын алайық. Алдымен жер тегістеліп, тұқым дайындалады. Одан кейін су жіберіліп, егіс жұмысы жүргізіледі. Күріш көктеп шыққаннан соң оны арамшөптен қорғау, үстеп қоректендіру, суару режимін сақтау сияқты жұмыстар атқарылады. Осы кезеңдердің әрқайсысы өнім көлеміне тікелей әсер етеді. Сондықтан жиын-терім науқаны басталғанда техниканың ақаусыздығы, жанар-жағармайдың жеткіліктілігі, еңбек қауіпсіздігі, өнімді тасымалдау мен сақтау мәселелері қатар бақылауда болуы қажет. Әсіресе техника қауіпсіздігі – басты назардағы мәселе. Егін орағы кезінде ауыл шаруашылығы техникалары тәулік бойы жұмыс істейтін кездер болады. Мұндай жағдайда жүргізушілердің еңбек және демалыс тәртібін сақтау, көліктердің техникалық жарамдылығын тексеру, өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау аса маңызды. Аймақ басшысы да егін жинау науқанын өткізу кезінде техникалық қауіпсіздікті басты назарға алып, дайындық жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы үшін егін көлемін ұлғайту жеткіліксіз. Оның құрылымын дұрыс қалыптастыру, су ресурсын тиімді пайдалану, нарық сұранысына бейімделу – маңызды міндет.

Күріш – Сыр өңірінің бренді, жергілікті шаруалардың атакәсіпке айналған негізгі дақылы. Дегенмен су ресурстарының шектеулілігі жағдайында күріш көлемін оңтайландыру және суды аз қажет ететін дақылдарды көбейту қажеттігі туындап отыр. Мақсары, жүгері, күнбағыс, соя, көкөніс, бақша дақылдарының үлесін арттыру – осы бағыттағы маңызды қадам.

Әртараптандырудың тағы бір артықшылығы – шаруаның нарықтағы тәуекелін азайту. Бір дақылдың бағасына немесе табиғи жағдайға тәуелді болмай, бірнеше бағытта өнім өндіру шаруашылықтың тұрақтылығын арттырады. Бұл ретте цифрлық технологияларды енгізудің де маңызы зор. Спутниктік бақылау, электронды карталар, топырақтың жағдайын бақылау, суару жүйесін автоматтандыру, техника қозғалысын GPS арқылы қадағалау сияқты технологиялар шығынды азайтып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Алдағы кезеңде жасанды интеллект құралдарын ауыл шаруашылығына енгізу арқылы ауа райы мен климаттық тәуекелдерді алдын ала болжау, егістік жағдайын бақылау, өнім көлемін есептеу және сақтау процестерін тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі арта түспек.

Халқымыз үшін егін жинау – жай ғана шаруашылық науқаны емес, берекенің, еңбектің, төзімнің көрінісі. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығының мәні дәл осы кезеңде айқын сезіледі. Биылғы егіннің бітік шығуы диқанның маңдай терінің жемісі. Ендігі міндет – сол еңбектің нәтижесін шашау шығармай жинап алу.

Егіс даласы техниканың гүріліне толды. Күріш, жүгері және мақсары дақылы жиналып жатыр. Көкөніс пен бақша өнімдері қоймаға құйылып, ел дастарханына жол тартуда.

Дала төсіндегі еңбек – елдің ырысы. Қара жерге маңдай тері төгілген сайын туған жердің қазанына береке кіреді. Ендеше, биылғы егін орағы да табысты аяқталып, қамба астыққа, елдің дастарханы берекеге толғай.

# МЕНИНГОКОКТЫ ИНФЕКЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ!

***Менингококты инфекция — түрлі клинкалық көріністермен сипатталатын симптомсыз бактериятасымалдаушы, назофарингит (мұрын және жұтқыншақтың қабынуы), менингит (ми кабатының қабынуы) және менингококты сепсис (инфекцияның қанға енуі) түрінде өтетін жіті бактериалды инфекциялық ауру.***

Аурудың инфекция көзі кім болып табылады?

Инфекция көзі ауру адам немесе бактерия тасымалдаушы. Көбінесе бактерия тасымалдаушылар қауіпті болып табылады (организмдерінде микробтар бар, бірақ өздері сырқаттанбайды), себебі оларда аурудың ешқандай клиникалық көріністері болмайды.

**Жұқпа қалай тарайды?**

Берілу жолы – ауа-тамшысы арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде). Менингококк қоздырғышы сыртқы ортада төзімсіз. Микроб сау адамның ағзасына науқас адам немесе тасымалдаушымен ұзақ уақыт бойы қарым – қатынаста болғанда, тыныс алу жолдарының шырышты қабаттары арқылы енеді (жанында ұйықтағанда, бірге тамақтанғанда, оқығанда, тәрбиеленгенде).

Жұққан сәттен бастап 1-10 күн аралығында сырқат пайда болады. Сырқат адам қоршаған адамдарға бірінші күннен бастап қауіпті. Сырқаттанушылықты қабылдағыштық өте жоғары. Менингококты жұқпа барлық жерде, бүкіл әлемде кездеседі. Көбінесе иммунитеті төмен 1-2 жастағы балалар жиі ауырады.

**Клиникалық көріністері:**

Сырқат жедел дене қызуының көтерілуімен басталып (37,5-38,0°С), бастың ауыруымен, мұрын бітуімен, жұтыну кезінде ауру сезімімен сипатталады. Менингококты менингит дене қызуының кенеттен 39-40°С дейін көтерілуімен, қалтыраумен басталады. Бастың қатты ауыруы (сәбилерде кенеттен қатты жылау болады), балалар мазасызданып, басын ұстайды. Сонымен қатар, тағам қабылдаумен байланыссыз, көп реттік құсу болады. Ерте жастағы балаларда құрысулар дамиды. Менингококты менингитпен ауырған бала бүгілген тізесін қолымен денесіне апарып, қырымен жатады. Аурудан кейін қандай асқынулар мен әсерлер болуы мүмкін? Сырқаттанғаннан кейін – саңыраулық, балаларда саңырау – мылқаулық, кей кезде сал ауыруы, бас миының зақымдалуы дамиды. Үй жағдайында емдеу шарасымен айналыспай, үйге дәрігер немесе жедел жәрдем көмегін шақырту қажет. Неғұрлым білікті медициналық көмек көрсетілсе, аурудан сығу нәтижесі тез, әрі тиімді болады.

**Арнайы емес алдын алу шаралары:**

– Жеке бас тазалығын сақтау, әжетханаға барғаннан кейін және тамақ ішер алдында қолды жуғыш заттармен мұқият жуу.

– Ішетін шырын, тамақ, балмұздақ, конфет, сағызын ауыстырмау.

– Бөлмелерді жиі желдету, ұйымдасқан мекемелерде ылғалды тазалауды күнделікті жүргізу.

– Көпшілік орындарға, қоғамдық көліктерге баруын шектеу.

– Басқалардың ерін бояуын, тіс щеткасысын қолданбау, бір шылымды тартпау.

– Ауызға қалам немесе қарындашты салмау.

– Сәбиге емізікті берер алдында ауызға салмау.

– Сырқаттанған кезде медициналық көмекке уақытылы жүгіну қажет.

**Рысқұл АХМЕТОВА,**
**аудандық СЭБ басқармасының бас маманы**

*Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы, сыршыл лирик ақын Марфуға Айтхожинаның 90 жылдық мерейтойына орай Бірлік ауылдық кітапханасында «Жүрек жыры – Марфуға әлемі» атты тағылымды поэзия кеші өтті.*

# ЖҮРЕК ЖЫРЫ – МАРФУҒА ӘЛЕМІ

Әдеби кештің басты мақсаты – ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттап, оның жүрек тебірентер жырларын жас ұрпаққа таныту, оқырмандардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Поэзия кешіне кітапхананың тұрақты оқырмандары мен әдебиетсүйер қауым белсене қатысты. Шараға №7 «Қызғалдақ» бөбекжайының меңгерушісі Г. Момынханова бастаған ұжым, ауылдық клуб үйінің қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, спорт мектебінің өкілдері және өнерге жақын жандар қатысып, ақын әлеміне бірге саяхат жасады.

**Кеш барысында «Жырмен нұрланған ғұмыр» атты слайд-презентация ұсынылып, қатысушылар Марфуға Айтхожинаның балалық шағынан бастап шығармашылық жолына дейінгі өнегелі ғұмырымен танысты. Ақынның қазақ әдебиетіндегі өзіндік қолтаңбасы, нәзік сезім мен терең ойға құрылған сыршыл лирикасы жайында кеңінен әңгіме өрбіді.**

**Әдеби кештің өзегі – ақынның жырларын мәнерлеп оқу болды. Кеш қонақтары Марфуға Айтхожинаның елге, туған жерге, махаббат пен адамдық сезімге арналған отты өлеңдерін тебіреніспен оқып, ақынның сөздеріне жазылған әндерді орындады.**

Марфуға ақынның жырлары – уақыт өткен сайын маңызын жоғалтпайтын, оқырман жүрегіне жол табатын рухани қазына. Оның әр өлеңінен нәзіктік пен өрлік, сыр мен сезім, азаматтық үн мен туған елге деген шынайы сүйіспеншілік қатар көрініс табады.

Осындай тағылымды әдеби кештер арқылы ақын мұрасы кейінгі буынға насихатталып, ұлттық әдебиетке деген құрмет қалыптасады. «Жүрек жыры – Марфуға әлемі» атты поэзия кеші де оқырман қауымға рухани әсер сыйлап, қазақ поэзиясының көркем әлеміне тереңірек үңілуге мүмкіндік берген мазмұнды шара болды.

Ақынның жүректен шыққан жырлары ұрпақ жүрегінде жаңғырып, Марфуға әлемінің мәңгілік рухани сәулесі жалғаса бермек.

**Әсел РЗАЕВА**

# БІР СУРЕТ – БІР КӨЗҚАРАС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ



***Дүниежүзілік фотосурет күніне орай «Prime паркте» шығармашылықты, заманауи технологиянымен тоғыстырған «Бір сурет – бір көзқарас. Қазақстанның жаңа келбеті» атты креативті байқау ұйымдастырылды. Шығармашылық сайыс жас өрендердің өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ел болашағына деген көзқарасын, туған жерге деген құрметін жаңа форматта танытуға мүмкіндік берді.***

Осындай мазмұнды шараға мектеп оқушылары, ұстаздар мен ауданның белсенді ерікті жастары қатысып, өздерінің шығармашылық ізденістерін ортаға салды. Қатысушылар дәстүрлі өнер мен цифрлық мүмкіндіктерді ұштастыра отырып, Қазақстанның бүгінгі келбетін өзіндік көзқараспен бейнелеуге талпынды. Байқаудың басты ерекшелігі де осында. Бір қарағанда қарапайым көрінетін сурет арқылы қатысушылар тұтас бір ойды, белгілі бір құндылықты немесе болашаққа деген арманын жеткізуге тырысты. Әр жұмыстың артында автордың ойы, ізденісі мен өзіндік қолтаңбасы тұрды.

Шара барысында бірнеше шығармашылық бағыт қамтылды. «Конституция – елдің негізі» бағыты бойынша мектеп оқушылары қылқалам арқылы елдің басты құндылықтарын бейнеледі. Олардың туындыларынан Отанға деген сүйіспеншілік, бірлік пен татулық, заңға құрмет, ел болашағына деген сенім секілді ұғымдар көрініс тапты. Жас суретшілер үшін бұл бағыт шығармашылық қабілетін шыңдаумен қатар, мемлекеттің негізгі құжатының мәнін өнер тілімен жеткізуге мүмкіндік берді. Ал «Білім – болашаққа жол» бағыты туған өлкенің тыныс-тіршілігін фото сурет арқылы танытуға арналды.

Қатысушылар Жаңақорғанның көрікті жерлерін, табиғатын, заманауи келбетін және күнделікті өмірін өз камераларының объективіне сыйдырды. Бір көріністен автордың туған жерге деген көзқарасы байқалды. Бірі табиғаттың әсемдігін көрсетсе, енді бірі ауданның жаңарған бейнесін, жасампаз еңбекті, адамдардың күнделікті тіршілігін таспаға түсірді.

Бұл бағыттың тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені туған жерді тану – оның әрбір жетістігіне мән беру, көркем келбетін бағалау, келешегіне жауапкершілікпен қараудан басталады. Жастардың фотосурет арқылы өз өлкесін өзгеше қырынан көрсетуі осының айқын дәлелі болды. Заманауи технологиялар да байқаудан тыс қалған жоқ. «Цифрлық Қазақстан» бағыты бойынша қатысушылар графикалық планшетті пайдаланып, Digital Art форматындағы жұмыстарын ұсынды. Бұл бөлім жастардың цифрлық сауаттылығын ғана емес, технологияны шығармашылық мақсатта тиімді пайдалана алатынын көрсетті.

Бүгінде цифрлық өнер – әлемдік шығармашылық кеңістіктің ажырамас бөлігі. Сондықтан жас буынның заманауи құралдарды меңгеруі олардың жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына ықпал етеді. Байқау барысында ұсынылған жұмыстар осы бағыттағы ізденістің Жаңақорған жастары арасында да қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Ал «Жасанды интеллект – жаңа мүмкіндік» бағыты шығармашылық пен технологияның жаңа деңгейдегі байланысын көрсетті. Қатысушылар жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып, өз идеяларын жүзеге асырып, болашақтың бейнесін түрлі форматта ұсынды. Жасанды интеллектіні тек технологиялық жаңалық ретінде емес, шығармашылыққа мүмкіндік беретін құрал ретінде пайдалану – бүгінгі жастардың жаңа ойлау жүйесін қалыптастырудың бір көрінісі. Байқаудың бұл бағыты қатысушылардың жаңашылдыққа қызығушылығын байқатып, цифрлық дәуірдегі шығармашылықтың мүмкіндігі мол екенін көрсетті. Шара барысында қатысушылардың жұмыстары арнайы көрмеге қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Көрмеде дәстүрлі сурет, фотосурет, цифрлық графика және жасанды интеллект көмегімен жасалған шығармашылық туындылар қатар орын алды. Әртүрлі бағыттағы жұмыстардың бір кеңістікте тоғысуы байқаудың мазмұнын одан әрі аша түсті.

Байқау қорытындысымен, №110 мектеп мұғалімі Әйгерім Мырзахметова «Үздік AI туынды» номинациясы, №163 мектептің 9-сынып оқушысы Әбілхан Іңкәр «Цифрлық болашақ бейнесі» номинациясымен, №286 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Рүстемова Анар – «Ең шығармашыл жұмыс» номинациясымен, №293 мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Дүйсенбаев Дінмұхамед – «Үздік Digital Art» номинациясымен, №286 мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Абдрасилов Ерлан – «Ең креативті жоба» номинациясымен, Тұрғанбек Сабина – «Үздік сурет» номинациясымен, Саткеева Алина – «Үздік идея» номинациясымен, Есей Айқаракөз – «Үздік идея» номинациясымен марапатталды. Сонымен қатар Дүйсенходжа Дәулет пен Әбдеш Әлфараби (№286 мектеп оқушылары) байқауға белсенді қатысқаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды.

Әр жұмысты бағалау кезінде қатысушылардың идеясы, шығармашылық шешімі, тақырыпты ашуы, орындау шеберлігі мен заманауи технологияларды тиімді қолдануы ескерілді. Қазылар алқасы үздік жұмыстарды анықтап, жеңімпаздар мен арнайы номинация иелерін марапаттады. Үздік қатысушыларға арнайы номинациялар бойынша дипломдар табысталып, байқауға белсенді қатысқан барша азаматтарға Алғыс хаттар берілді.

Бүгінгі жас – ертеңгі елдің келбетін қалыптастыратын буын. Ал сол буынның әлемге қандай көзқараспен қарайтыны, туған жерін қалай бағалайтыны, жаңа технологияны қалай игеретіні – елдің болашағы үшін маңызды. Сондықтан бір суретке үңіліп, бір көзқарасты тануға болады. Ал сол көзқарастардың тоғысуынан тұтас елдің бейнесі қалыптасады.

**Әсел РЗАЕВА**

## Хабарландыру!

«Недра KZO» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 29.09.2026 ж. сағат 12:00-де (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған – Шалқия жолының бойы, «Недра KZO» ЖШС ғимараты) 2026-2035 жылдарға арналған «Өгізмүйіз-3 учаскесінде доломит өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» ЖБШ, ӨЭБ, ҚББ және ІШЖ жобалары бойынша қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 1-т. 8-т. сәйкес ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@vmail.kz немесе https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесі.

Zoom конференциясы: https://us04web.zoom.us/j/78279086814?pwd=Mf8tTdTof7Ht3hkzYt0QVb9gweaV5F.1

Идентификатор: 782 7908 6814 | Кіру коды: 8fwp1x

Бастамашы: «Недра KZO» ЖШС, БСН 180340020872. Тел.: +7 (702) 881-38-88, e-mail: nedrakzo@mail.ru

Әзірлеуші: «Эко-Орда» ЖК. Тел.: +7 (777) 785-13-46, e-mail: ecoorda@bk.ru

## Объявление!

ТОО «Недра KZO» в соответствии со ст. 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 29.09.2026 г. в 12:00 (Кызылординская обл., Жанакорганский р-н, вдоль трассы Жанакорган – Шалкия, здание ТОО «Недра KZO») состоятся общественные слушания по проектам НДВ, ПЭК, ПУО и ППМ к «Плану горных работ для добычи доломитов на участке Огизмуиз-3» на 2026-2035 гг.

Согласно п. 8 гл. 1 Правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимает местный исполнительный орган: a.koszhanova@vmail.kz и ИС https://ndbecology.gov.kz/

Zoom-конференция: https://us04web.zoom.us/j/78279086814?pwd=Mf8tTdTof7Ht3hkzYt0QVb9gweaV5F.1

Идентификатор: 782 7908 6814 | Код доступа: 8fwp1x

Инициатор: ТОО «Недра KZO», БИН 180340020872. Тел.: +7 (702) 881-38-88, e-mail: nedrakzo@mail.ru

Разработчик: ИП «Эко-Орда». Тел.: +7 (777) 785-13-46, e-mail: ecoorda@bk.ru

## Адалдықтың туындай еді



Болғанбаев Еркін дүниеден өтті деген хабарды естіген кезде қатты толғаныста болдым. Бірге қызмет атқарған қадірлі інім еді. 1987 жылы Шалқия кентіне қызметке келді. Жасынан еңбекке адал, берген істі уақытында орындап отыратын. Көркем мінезді еді. Бірсөзді, өсек-өтірікке жаны қас, кеңсе жұмысын тез меңгеріп кетті. Берген тапсырма екі рет айтылған емес.

Дүниеге қызықпайтын. Оның бір ауыз сөзі мен қатты ойландырғаны есімнен шықпайды. Шалқия кенті тарап жатқан кезде иесіз үйлер көбейіп, арзан бағамен беріле бастады, көбісі жер тамдар, еге болу керек қой. Содан мен оған:

– Сен бір үй, мен бір үй алайын – дедім.

– Аға, ертең сөз болмай ма, маған осы баспанам қанағат, – деді. Оның бұл ойы мені қатты ойландырды. Алмадық, бұл да адалдықтың белгісі ғой.

62 жасында қайтыс болды. Бір орында 39 жылдан аса қызмет істеді. Өмірлік жары Айгүл мұғалім, отбасының бар тауқыметі енді өзіне қалды. Еркін үш ұлын үйлендіріп, немерелерін көріп кетті. Жаны жаннатта, Алланың рақымында болсын.

**Әулет атынан еске алушы ағаң Шайдарбек қажы**

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

**Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде**

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2026 жылы 05 қаңтар күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандөз ауылдық округі, Қандөз ауылы, Наурыз көшесі №16 үйде тұрған азамат **Кадиров Галымжан Абдирасиловичтің,** 2026 жылы 22 қаңтар күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, Құттықожа ауылы, Құттықожа көшесі №3 үйде тұрған азамат **Аккожаев Беккожаның** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат.**

**Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.**

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# КӘСІПТІК БІЛІМ: МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

– Колледждің оқу материалдық базасы бай, түбегейлі кәсіптік профилі кеңейтілген. Өзге аймақты сөз етпегенде, өз өңіріміздегі креативті кәсіпкерліктің көкжиегінде осы колледждің түлектері еңбек етіп келеді. Нақтырақ айтсақ, фаст-фуд, асхана, мейрамханаларымыздың бас аспазы осы колледждің түлектері екенін білеміз. Аудандағы ірі зауыттардың тас қалаушы, дәнекерлеушілерінің бәрі де өзіміздің жастарымыз. Автомобиль жөндеу орталықтарында тұрақты табыс тауып жүрген ісмерлер де осы колледжде кәсіптік білім алғанын растайды. Себебі, кәсіптік білім беру ұйымымен жергілікті кәсіпкерлердің арасында ортақ меморандум бар. Биылғы электрик мамандығын алған 12 бітірушіміз аудандық электр торабында дипломалды тәжірибеден өтіп, үш түлегіміз аталған мекеменің шақыруымен жұмысқа орналасты.

Расында, жиырма жыл бұрын студенттер 6 мамандық бойынша білім алса, қазіргі таңда олардың саны 19-ға толықты. Оқу кабинеттері мен зертхана, шеберханалардың саны артып, практикамен қатар теориялық жүйе де қатар жүруде. Мұнда 4 зертхана, 6 шеберхана бар. Оның ішінде «Токарьлық ісі және металл өңдеу» мамандығы бойынша «Станок жұмыстары» шеберханасы, «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша арнайы шеберхана бар. Сол секілді, «Тігін», «Пісіру жұмыстары», «Тамақ дайындау», «Техникалық қызмет көрсету» шеберханасында сабақ практика жүзінде өтеді.

Сондай-ақ, «Ветеринария» мамандығы бойынша арнайы пән кабинеті мен зертханасы, «Электротехника», «Тау-кен механика», «Электронды ақпараттандыру» зертханасы, экономика негіздері, өзін-өзі тану, жалпы 27 оқу кабинеті болса, 14 оқу кабинеті интерактивті тақтамен жабдықталған.

Жалпы алғанда, колледжде 19 мамандық, 24 біліктілік бар. Яғни 19 мамандықты игерген студенттер 24 түрлі салаға бейім деген сөз. Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ауыл шаруашылығын механикаландыру, бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша), ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану сынды мамандықтар бар. Сол секілді дәнекерлеу ісі, есеп және аудит, есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша), жеміс, көкөніс шаруашылығы мен маркетинг (салалар бойынша), тамақтандыруды ұйымдастыру және тамақтану саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша маман атануға болады. Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, электр жабдықтары, токарлық іс, пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану, ветеринария және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану мамандығы бар.



Жалпы Жаңақорғанда техникалық мамандықтарға сұраныс өте жоғары. Өйткені, біздің ауданда өндіріс орындары мен шағын зауыттар аз емес. Сондықтан, мектеп бітіруші түлектер осы салаға бейім келеді. Бұл жағдайда аудандық аграрлы-техникалық колледж жастарға мол мүмкіндік беруде, – дейді ол.

Айта өтуіміз керек, кәсіптік білім беріп отырған колледжде жағымды жаңалық көп. Шалқия кенін игеруге келген Қытай елінің ХонДо ірі компаниясы тарапынан жергілікті мамандарды кен ісіне бейімдеуге бағытталған мерзімді оқу үрдісін жүргізуге аудан әкімі Ғалымжан Жарқынбекұлының бастамасымен үш жақты меморандум жасалуда. Қос тарап бір келісімге келіп жатса, колледждің көкжиегі кеңейе түспек. Жастар жағы жаңа кәсіпті аз уақытта меңгеруге мүмкіндік алса, шетелдік компания өкілдері оқу базасын халықаралық стандартқа сәйкестендірмек ниетте.

Колледж директоры Ерғали Орманұлының басшылыққа келгеніне көп бола қоймаса да, бірқатар бастамаларды қолға алғаны байқалады. Соның бірегейі, жергілікті тұрғындардың жүргізуші куәлігін алу үшін колледж аумағынан автодром айлағын салмақ ойы бар екен. Әзірге жобаның сметалық құжаты әзірленіп, автодром аймағы картаға сызылыпты. Автодром құрылысына қажет қаражаттың басым бөлігін колледж директоры өзі қаржыландырса, колледж демеушілері қосымша шығындарды өтейтін болады. Колледжде көлік жүргізуші мамандығын меңгеруге мүмкіндік мол.

Колледж аймағында көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жыл он екі ай жалғасып, жайқалған гүлзарлар көздің жауын алып тұр. Колледж ұжымының қоршаған ортаға деген қамқорлығын жайқалып өскен жасыл желектердің еңсесінен байқадық. Талапкерлерді қабылдау комиссиясы қызу жұмыс үстінде, 9 сынып бітірген 210 талапкердің құжаты қабылданса, 11 сынып бітірген 40 талапкердің өтініші тағы бар. Комиссия жұмысы 29 тамызда аяқталып, конкурстық негізде мемлекеттік грант иегерлерін анықтайтын болады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі – білікті жұмысшы мамандарды даярлаудың түп қазығы екендігі айқын. Осы бағыттағы аудандық аграрлы – техникалық колледждің жұмысы ерен. Әсіресе, құрылысшы мамандығы үлкен сұранысқа ие. Бұл аудан экономикасын көтеруге едәуір дем берері хақ. Көк аспанмен таласқан зәулім сарайлардың кірпішін қалап, жол салып, көпірмен жалғап, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға үлес қосып жүрген құрылыс саласының мамандарын нағыз еңбек адамы деп атауға болады. Біздің елімізде бұл мамандыққа сұраныс өте көп. Алайда, осы мамандықты игеріп жатқан жандар өте аз. Біздің ауданымыздағы кәсіптік колледжі «құрылысшы шебері» мамандарын даярлап, елдің өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Бұл бағытта колледж базасына жаңа технологиялар алынып, жаңа оқу бағдарламасы енгізілуде. Студенттердің құрылыс саласына қызығушылығын арттырып, білікітілігін шыңдау мақсатында облыстық, республикалық түрлі іс-шаралардан шәкірттеріміз жүлделі орындарды иемденіп, аудан атын асқақтатуда.

«Білімдінің күні жарық, білімсіздің күні ғаріп», – дейді халық даналығы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады» деп, қазіргі заманда техника мамандықтарын меңгерудің қажеттілігін нақты айтып өтті. Олай болса, ертеңін ойлар бүгінгі жас түлек мамандық таңдарда қателеспеуі қажет. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Басты мақсат – ертеңгі бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, білікті маман даярлау. Осы орайда, колледждің жоғары деңгейдегі материалдық-техникалық базасының қамтылуы арқасында құрылыс бөлімінің студенттері түрлі олимпиадаларға қатысып, топ жарып жүр. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Бүгінде ірі жобалардың қолға алынып, сәулеті жарасқан еңселі ғимараттардың бой көтеруі – еліміздегі құрылысшылардың ерен еңбегі деп білемін. Олай болса, қыстың суығына, жаздың ыстығына қарамай тер төгетін құрылысшылар қашан да құрметке лайық. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында бәсекеге қабілетті білікті маман дайындауда колледж студенттеріне заман көшінен қалып қоймай егеменді еліміздің көзі ашық, көкірегі ояу азаматы болуларына оқытушылар қауымы да өз үлестерін қосуда.



# ТАЗА ӨЛКЕ – ОРТАҚ МІНДЕТ

***Туған жердің тазалығы – қоршаған ортаға деген жауапкершіліктің ғана емес, елге деген сүйіспеншіліктің де айқын көрінісі. Қоршаған ортаны қорғау, елді мекендердің ажарын арттыру, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар Жаңақорған ауданында жүйелі түрде жалғасып келеді. Осы мақсатта аудан аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Таза өлке – ортақ жауапкершілік» атты тазалық шарасы ұйымдастырылды. Ауқымды бастама Жаңақорған-Шалқия автожолы бойында өткізіліп, ауданның көркіне көрік қосуға бағытталды.***



Тазалық жұмысына 50-ге жуық белсенді жаспен «Жаңарған Жаңақорған жастары» ұйымының мүшелері қатысып, елді мекенге кіреберіс жол бойындағы аумақты ретке келтіруге атсалысты. Жастар жол жиегіндегі шашылған қоқыстарды жинап, айналаны тазалап, абаттандыру жұмыстарына белсенді түрде қатысты. Ауданға кіріп-шығатын тұрғындар мен қонақтар ең алдымен жол бойындағы көрініске назар аударатыны белгілі. Сондықтан елді мекеннің кіреберіс аумағының таза әрі жинақы болуы – ауданның жалпы мәдениеті мен тазалығына берілетін бағаның бірі. Осыны ескерген жастар туған өлкенің ажарын ашуға өз үлестерін қосты.

Шара барысында қатысушылар тазалықтың бір күндік акциямен шектелмейтінін, қоршаған ортаны таза ұстау әр азаматтың күнделікті әдетіне айналуы керектігін атап өтті. Өйткені тазалық – арнайы қызметтің немесе белгілі бір топтың ғана міндеті емес, баршаға ортақ жауапкершілік. Қоғамдық жұмыстарға жастардың белсенді араласуы – ел ертеңіне деген көзқарастың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде аудан жастары түрлі әлеуметтік, мәдени, қайырымдылық және экологиялық бастамаларға белсенді қатысып, қоғамдық өмірдің бел ортасынан көрініп жүр. Бұл жолғы тазалық шарасы да жастардың туған жерге деген жанашырлығын танытқан игі бастамалардың бірі болды. Қолдарына құрал алып, жол бойын тазалаған жастар қоршаған ортаның тазалығы сөзбен емес, нақты іспен қалыптасатынын көрсетті. «Жаңарған Жаңақорған жастары» ұйымының мүшелері үшін мұндай шаралардың тәрбиелік мәні де зор. Себебі туған жердің әрбір талын, әрбір көшесін, әрбір жол жиегін таза ұстау – азаматтық жауапкершіліктің қарапайым, бірақ маңызды үлгісі. Экологиялық мәдениет адамның қоршаған ортаға деген қарым-қатынасынан басталады. Қоқысты кез келген жерге тастамау, табиғатты ластамау, қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, ағаштарды қорғау секілді қарапайым әрекеттердің өзі үлкен нәтижеге бастайды.

Жаңақорған–Шалқия автожолы – ауданның маңызды бағыттарының бірі. Осы жол бойының таза әрі көрікті болуы аудан тұрғындары үшін ғана емес, сырттан келген қонақтар үшін де маңызды. Сондықтан бұл аумақта жүргізілген тазалық жұмыстары ауданның сыртқы келбетін жақсартуға өзіндік үлесін қосты. Тазалық шарасына қатысқан белсенді жастар туған өлкенің көркеюіне атсалысу арқылы көпшілікке ой салды. Бір адамның әрекеті екіншісіне үлгі болса, бір топтың бастамасы тұтас қоғамның ортақ ісіне айналуы мүмкін.

«Таза Қазақстан» акциясының түпкі мәні – айналаны тазарту ғана емес, тазалықты тұрақты мәдениетке айналдыру. Бұл ретте әрбір тұрғынның жауапкершілігі маңызды. Ауданның ажары көшеден, елді мекеннің көркі тазалықтан басталады. Сондықтан қоғамдық орындарды таза ұстау, табиғатты қорғау, туған жерге жанашырлық таныту – баршамызға ортақ міндет.

Бүгінгі жастардың тазалық жұмысына белсенді араласуы – олардың ел болашағына бейжай қарамайтынын аңғартады. Туған жердің табиғатын қорғап, оның көркеюіне үлес қосу – азаматтық ұстанымның нақты көрінісі. Жаңақорғандағы бұл игі бастама тазалық мәдениетін қалыптастыруға, жастардың экологиялық сауатын арттыруға және тұрғындарды ортақ іске жұмылдыруға бағытталған маңызды қадам болды. Туған жердің тазалығы – әр адамның өз ауласынан, өз көшесінен, өз ортасынан басталады. Ал қоршаған ортаға деген жанашырлық – келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

**Әсел РЗАЕВА**



# Мерген жастар мінбері

***Жылқы – табиғаттың адамзатқа тарту еткен керемет сыйы. Сонау ғасырлардан қәзіргі күнге дейін сұлулығын бойына жинап, шабысымен шаң қаптырған асау көрбезді қазақ халқы қолға үйреткен. Сүтін ішіп,етін азық еткен. Тіпті көшпенді қазақ үшін таптырмас көлік, қым-қиғыш соғыста адал дос бола білген жануарды қазақ қастер тұтқан. Қазақтың кең даласымен жорта шапқанда бойында бір алапат рух оянып астындағы атыңмен тылсым байланыс орнайды. Ал сұр садақ байырғы заманнан бері көшпелілердің қолынан түспеген, қазақтың дәстүрі мен салтын дәріптеген асыл қазына. Бірі адырнасын тартып аңшылықты кәсіп қылса, екіншісі соғыста оқ пен оттың ортасында жүріп жаудың бетін қайтарған. Мінекей осындай тарихи кезеңдерден жеткен әдіс қазақтың ұлттық ойын ретінде танымал.***

Жамбы ату – қазақтың көнедан келе жатқан ең әдемі, әрі рухты ұлттық спорт түрлерінің бірі. Бұл сайыста салт атты жігіттер мен шабандоз қыздар шауып бара жатып, белгіленген қашықтықтағы нысананы садақпен көздеп атады. Спортшы арнайы қашықтықта аттың жүрісін бәсеңдетпей, жылдамдық пен мергендікті қатар үйлестіруі қажет. Халықаралық жарыстарда қазақ стилі, түрік стилі, мажар стилі және корей стилі сияқты бірнеше бағыт бойынша сынға түседі. Олардың әрқайсының нысана орналасуы мен жебе санында өзіндік ерекшеліктер бар. Қазіргі таңда жамбы ату тек ұлттық ойын емес, ресми түрде жаһандық деңгейде дамып келе жатқан спорт түрі. Қазақстан спортшылары әлем және Азия чемпионаттарында, сондай-ақ дүниежүзілік көшпенділер ойындарында тұрақты түрде топ жарып жүр.

Осы орайда, Жаңақорған ауданының жастары үшін ұмытылмас бір күн есте қалды. Мұнда қазақтың төл өнері – жамбы атудан Азия чемпионатында топ жарып, ел намысын қорғаған жерлестерімізбен арнайы жүздесу өтті. «Жеңімпаз жастармен жүздесу» атты бұл шара дәстүрлі жиын емес, емін-еркін пікір алмасу, кішігірім сұхбат форматында ұйымдастырылды. Бұл формат қатысушыларға спортшылардың өмір жолын жақыннан танып, ойындағы сұрақтарын қоюға үлкен мүмкіндік берді. Жиында сөз алған мергендер спорттағы алғашқы қадамдарын жамбы атудың қыр-сыры мен түрлі қызықтарын баяндады.

Бас бапкер Ғалымжан Өміртайдың айтуынша бұл спортта тепе-теңдікті орнатып аяқты ер-тоқымға дұрыс қоя білу және атты бар санаңмен сезіну керек. Қыркеңсе ауылының жастары таудың таза ауасымен демалып, қыр беткейде жаттығады екен. Әдетте шабандоздар аттарды 3 жасар тай кезіннен бастап баптап өсіріп қолға үйретіп жарысқа жақсы дайындықпен әкеледі. Сондай-ақ садақтың ұзындығы 1,2 метр, тартылу күші 40 келі және 50-60 м жерге дейін жетеді».

Асхан Заңғар бұл өнерге бала кезінен қызықса, Махамбет Нұрман әкесіне еліктеп осы спорт түрін таңдаған. Ер балалардан қалыс қалмай бағын сынап түрлі жарыстардан жүлделі орын алып жүрген Исрайыл Алтынай да бала шағынан атқа құмар болған. Айтуынша, талай аттан жығылып көз жасына ерік берседе ат үстіне қайта қарғып мінген. Мінекей осындай өжет қызымыз үшін біз мақтанамыз. Алдағы уақытта бұл құрам Индонезия елінде болатын жаңа жарысқа қызу дайындықты бастап кетті. Жастарымызға сәттілік тілейміз.

Қорыта айтқанда, заман қаншалықты алға жылжып келе жатсада ата-бабамыздан қалған асыл мұрамызды насихаттау барысында түрлі жарыстар ұйымдастырылып жатқаны қуантады. Әлібек ағайым садақ тек музейлерде ғана табылады деген еді. Менінше ол кісі қателесті. Себебі біздің ұлттық өнерді ұлықтап жүрген жастар барда қазақтың төл өнері мен ұлттық спорты өлмейді.

**Нұрайым ТӨЛЕПБЕРГЕН**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Баян ҮСЕЙІНОВА

Телефондар:
**Бас директор** – 8 (7242) 40-11-10
**Бас редактор** – 8 (724 35) 21-4-35
**Бас редактордың орынбасары** – 21-9-71
**Тілшілер** – 22-2-44

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17663-Г куәлігі берілген.
«Жаңақорған тынысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А. Тел: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 22-2-44 немесе 8(7242)70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

**Таралымы 5300** **Тапсырыс №1444**

Газеттің кезекші редакторы Әсел РЗАЕВА

Мекен-жайымыз: 120300 Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №58 үй. E-mail: janakorgangazeta@mail.ru, infojanakorgan@gmail.com